ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қарар бөлігі)

2025 жылғы 15 қазан №1513-25-00-2/2446 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья С.Е.Мукашева, электрондық азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Tenizbai & K» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 222, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Tenizbai & K» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Tenizbai & K» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 46 750 (қырық алты мың жеті жүз елу) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер «Tenizbai & K» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 3369 (үш мың үш жүз алпыс тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 15.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 02.12.2025 сулья Мукашева С. Е. 04.12.2025
1513-25-3-1/3243

Жауапкер «Tenizbai & K» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 15.10.2025

Заңды күшіне енген күні 02.12.2025, сулья Мукашева С. Е. 04.12.2025